

Әлеуметтік көмек туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 наурыздағы N 106 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 наурызда N 14-12-92 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 10 қаңтардағы N 3 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2011.01.10 N 3 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына және Созақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы "2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" № 152 шешіміне сәйкес аудан көлеміндегі жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Созақ ауданының жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрлері мен мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін (қоса т і г і л е д і) .

2. Созақ ауданының жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету "Созақ аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы (С.Еденбаева) жүргізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Мейірбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Әбдікұлов

С о з а қ

а у д а н ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 5

н а у р ы з д а ғ ы

№

1 0 6

қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

қосымша

Созақ ауданының жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрлері мен мөлшері

№	Жекелеген мұқтаж азаматтар санаты	Әлеуметтік көмектің түрлері мен мөлшері	Мерзімі
Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне және жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға аудандық бюджеттен төленетін бір жолғы материалдық көмектер			
1.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне біржолғы қаржылай көмек	30 000 (отыз мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір-мамыр айлары
2.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай соғыста қаза болған жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне біржолғы қаржылай көмек	10 000 (он мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір-мамыр айлары
3.	Ауған соғысы мен Чернобыль апаттың, зардаптарын жоюға қатысқандарға біржолғы қаржылай көмек	10 000 (он мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір-мамыр айлары
4.	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің жесірлеріне біржолғы қаржылай көмек	10 000 (он мың) теңгеден	2010 жылдың мамыр айы
5.	Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендерге біржолғы қаржылай көмек	10 000 (он мың) теңгеден	2010 жылдың мамыр айы
6.	Тылда еңбек еткендері үшін орден, медальдармен марапатталғандарға біржолғы қаржылай көмек	10 000 (он мың) теңгеден	2010 жылдың мамыр айы
7.	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне мерзімді басылымдарға тегін жаздыру	«Оңтүстік Қазақстан», «Южный Казахстан», мерзімді басылымдарына	2010 жылдың I-II жарты жылдықтары
8.	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне аудандық бюджет есебінен газға, байланыс нүктесіне, жол жүру ақысына, жарыққа біржолғы қаржылай көмек	30 241 (отыз мың екі жүз қырық бір) теңгеден	2010 жылдың сәуір-мамыр айлары
9.	1941-1945 жылдары соғыс кезінде тылда еңбек еткендерге біржолғы қаржылай көмек	2 000 (екі мың) теңгеден	2010 жылдың сәуір-мамыр айлары
10.	1, 10 Қазан Халықаралық қарттар және мүгедектер күніне орай жылына бір рет дәрі-дәрмек алуға бір жолғы қаржылай көмек	5000 (бес мың) теңгеден	2010 жылдың қазан айы
11.	Тіркеуде тұрған жалғыздікті қарттарды қолдау мақсатында олардың ішінен 80 жастан асқан қарттарға зейнетақысына қосымша ай сайын қосымша жәрдемақы беруге	бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде	2010 жыл бойы
12.	Халықтың аз қамтамасыз етілген аса мұқтаж нысаналы топтарына біржолғы қаржылай көмек	150 000 (жүз елу мың) теңгеден	Жыл бойы

13.	Аз қамтамасыз етілген отбасыларға біржолғы қаржылай көмек	10 000 (он мың) теңгеден	Жыл бойы
-----	---	--------------------------	----------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК